

Баласы мектепке дейінгі тәрбиемен қамтылмаған балалардың ата-аналарына кеңес беру пунктін қалай ұйымдастырамыз

Жаңа ұсынымда ведомство талабын орындап, заңды бұзбау үшін тәжірибелі маман пункт жұмысын жедел ұйымдастыру құжаттарының толық жинағы мен алгоритмімен бөліседі. Тексерушілер келгенше пункт жұмысының дұрыс жүргізіліп жатқанына көз жеткізіңіз.

Кеңес беру пунктін қалай ашамыз

Кеңес беру пунктін Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік ережелерінің (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 қазандағы № 385 бұйрығы) негізінде жергілікті атқарушы органның шешімі бойынша ашыңыз. Кеңес беру пунктерінің алдағы қызметін мектепке дейінгі ұйым жарғысында көрсету керек.

Баласы кеңес беру пунктіне келетін балалардың ата-анасымен [шарт](#) жасасу керек.

Кеңес беру пунктін ашу туралы бұйрық

Жаңа құрылымдық бөлім – ата-аналарға кеңес беру орталығын ашу туралы шешімді [бұйрықпен](#) ресімдеңіз. Мұнда тармақтың атауы мен қызметін, лауазымдар тізімі мен жұмыскерлер санын көрсетіңіз. Пункт балабақшаның ішкі бөлімі болғандықтан, осы жеткілікті.

Кеңес беру пунктін құру туралы нұсқаулық

[Нұсқаулықты](#) бекітіңіз. Онымен пункт қызметін, оның жұмыс тәртібін, жинақтау, басқару тәртібін регламенттеңіз. Нұсқаулық бірегей нысаны жоқ, сондықтан оны өз бетіңізбен құрастырыңыз. [Үлгілік нысанды](#) негізге алыңыз.

Кеңес берудің үлгілік тақырыбы

- Балабақшаға бармайтын мектеп жасына дейінгі балаларды әлеуметтендіру.
- Ерте жастағы балалар дамуының жас ерекшеліктері.
- Балалардың ұтымды тамақтануы.
- Балалардың үйдегі ойын қызметі.
- Балаларды шынықтыру әрі сауықтыру және т. б.

Кеңес беру пунктін штатын қалай құрамыз

Кеңес беру пунктінің жұмысына мынадай маман-педагогтер керек:

- әдіскер;

- тәрбиеші;
- музыка жетекшісі;
- дене шынықтыру бойынша нұсқаушы;
- педагог-психолог;
- логопед;
- мейірбике.

Ата-аналарға кеңес беруді бір не бірнеше маман бір уақытта бірнеше нысанда жүргізуі мүмкін: топтық, кіші топтық, жеке.

Кеңес беру пунктіне қандай құжаттар әзірлеу керек

Кеңес беру пунктінің жұмысы үшін жауапты тұлғаларға мына құжаттаманы әзірлеуді тапсырыңыз:

- [Кеңес беру пункті туралы нұсқаулық](#);
- Балабақша жарғысы;
- [Балабақша мен ата-аналар арасындағы шарт](#);
- [Кеңес беру пунктінің жұмыс жоспары](#);
- [Кеңес беру пунктіне жүгінген ата-аналар өтінімін тіркеу журналы](#).

Кеңес беру пунктінің кестесін қалай құрастырамыз

Мамандардың жұмыс кестесін халықтың әлеуметтік сұранысын ескере отырып, өз бетіңізбен анықтаңыз. Пункт жұмысын аптасына 2-3 рет таңғы және кешкі уақытта ұйымдастыру ұсынылады. Кеңес беру ұзақтығы – 25 минуттан кем емес.

Ата-аналардың өтінімі бойынша кеңес беру пункті жедел көшпелі кеңес беру көмегін не онлайн кеңес беруді ұйымдастыра алады.

Кеңес беру пунктіне жүгінген ата-аналар өтінімдерін қалай тіркейміз

Ата-аналарға кеңес беру пункті тегін жұмыс істейді. Ересектер нақты маманмен жұмыс істеу үшін кеңес беру пунктіне жүгіне алады. Өтінімдерді тіркеу үшін арнайы [ата-аналар өтінімдерін алдын ала тіркеу журналын](#) бастаңыз. Ересектер тіркеу парағын толтыруы тиіс, тіпті олар алдын ала тіркеусіз көмекке жүгінсе де.

Кеңес беру пунктінде қай бағыт бойынша кеңес беру керек

Әлеуметтік-педагогикалық, психологиялық-педагогикалық және медициналық-сауықтыру бағыттары бойынша кеңес беріңіз:

1. педагогикалық, психологиялық және медициналық бейінді біліктілігі жоғары мамандарды іріктеу;
2. ата-аналардың мектеп жасына толмаған балаларын тәрбиелеуге, оқыту мен дамытуға деген жеке әрі сараланған көзқарасы мәселесінде кеңес алуға деген сұранысын талдау;
3. мектеп жасына толмаған балалардың тәрбиесі мен дамуын диагностикалау, түзету мәселесі бойынша көшпелі кеңес беруді қамтамасыз ету;
4. ата-аналардың өтінімдері бойынша балалармен педагогикалық және психологиялық өзара іс-қимылдың өзекті мәселелері, физикалық және психикалық денсаулықты сақтау бойынша жеке кеңес беру;
5. баланың танымдық, әлеуметтік, эмоционалды, физикалық дамуын психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу бойынша тақырыптық кеңес беру .

Кеңес беру пунктінің қызметкерлері ата-аналарға қалай көмек көрсетеді

Педагог ата-аналармен алғашқы кездесуде әңгімелесу арқылы тиісті ақпаратты алады, содан кейін алған деректерді талдау арқылы ересектерге әдістемелік көмек көрсетудің тиісті тәсілін таңдайды. Бұл қажетті әдебиеттерді ұсыну, пайдалы жаттығуларды, ойындарды көрсету әрі үйрету, сондай-ақ түзету және дамыту технологиялары бойынша сабақ өткізу болуы мүмкін.

Пункт маманы ата-аналармен ауызша әңгімелесумен қатар қағаз және электрондық тасымалдағышта тиісті ақпаратты дайындайды. Бұл буклеттер, жаднамалар, фото және видеоматериалдар, пайдалы интернет-сайттарға сілтемелер және т. б. болуы мүмкін. Ата-аналардан «Өз балаңызды білесіз бе» атты сауалнама алуға болады.

Егер ата-ана келу себебін түсіндіре алмаса әрі өзіне қай маманның көмегі керек екенін бірден білмесе, оған әдіскер көмекке келеді. Әдіскер ата-анамен сөйлесе келе қиындықтың себебін анықтап, оны тиісті педагогке жіберуі тиіс .

Кеңес беру пунктін құрғанда әрі жұмыс барысында қандай нормативтік құқықтық актілерге жүгіну керек

Әр мектепке дейінгі ұйым басшысы кеңес беру пунктін ұйымдастыру үшін қолданыстағы нормативтік құқықтық базаға сүйенуі тиіс:

- [«Білім туралы» ҚР Заңы;](#)
- [«Педагог мәртебесі туралы» ҚР Заңы;](#)
- ["Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 Қаулысы](#)

- [«Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» ҚР Заңы;](#)
- [Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың даму моделі \(ҚР Үкіметінің 2021.11.03 № 137 қаулысы\);](#)
- «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 9 шілдедегі № ҚР ДСМ-59 бұйрығы;
- ["Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы](#)
- [«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығы.](#)

Кеңес беру пунктiнiң жұмысын талдауды қалай жүргiземiз

Кеңес беру пунктiнiң қызметiн талдауды оқу жылының соңында жүргiзiңiз. Оны статистикалық есеп нысанында жүргiзiңiз. Мұнда балабақша атауы мен нөмiрiн, кеңес беру тақырыбы мен түскен сауалдарды, мамандар ұсынымдарын, жүгiнген ата-ана санын аты-жөнiмен көрсетiңiз.

Кеңес беру пунктiнiң қызметi туралы есептi қашан дайындау керек

Кеңес беру пунктiнiң жұмысы туралы есептi жылына екi рет дайындаңыз және ағымдағы жылдың 30 маусымынан 31 желтоқсанға дейiнгi жағдай бойынша жоғары тұрған органға жiберiңiз.